

«Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешенінің

директор жанындағы кеңес хаттамасы

№ 3 (қашықтықтан өткізілген жиналыс)

2020 жылғы " 28" қараша _____

Төраға: Р.Т. Қуатбекова

Хатшы: М.Әленова

Қатысқандар: 28

Күн тәртібі:

1. Пән бірлестіктерінің жұмысын бақылау. Құжаттарын бақылау
2. Электрондық сынып журналындағы қорытынды бағалардың дұрыс қойылуы қадағаланады
3. Жалпыға міндетті оқу жұмысы. Оқушылардың сабаққа қатысуы

Отырыс барысы

1. Тыңдалды:

1. А.Бимурзаева - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

- Мектепшілік жоспарға сай пән бірлестіктерінің жұмыс жүйесі бақыланды.

1. Әр пән бірлестігі өз жұмысында ҚР «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы "Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 15 маусымдағы №7 хаттамасы) 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 332 б. , Оқу процесін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары осы Әдістемелік-нұсқау хатты, сонымен бірге «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде білім беру ұйымдарында оқу процесін жүзеге асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдарды» білім беру мазмұнын жаңарту аясында нормативтік құжаттарын басшылыққа алып жұмыс жүргізеді. Мектепте оқу - әдістемелік жұмысына байланысты барлық нормативтік құжаттар пән бірлестіктерінде бар.

Пән бірлестіктерінде оқу – тәрбиелік үрдістің негізгі мәселелері бойынша мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым өз қызметтерін нормативтік құжаттардың талаптарына сай жүргізіп, сонымен қатар мемлекеттік білім беру стандарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Мектептің 2018 - 2023 жылдарға арналған мектептің даму бағдарламасы негізінде жоспар құрылған.

Тақырыбы: "Жаңартылған білім беру мазмұны негізінде цифрландыру үдерісін енгізе отырып, оқушыларға нәтижелі білім мен тәрбие беру

Мақсаты:

Жаңартылған білім беру негізінде білім бере отырып, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін шыңдап, білім сапасын арттыру, оқушылардың функционалдық сауаттылығын жетілдіру.

Міндеттері:

- *Оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру;
- * пәнді меңгеруде ойлау қабілетін дамытуға бағыттау;
- * білім беру әрекеттерін жоғары ғылыми - әдістемелік негізде құру;
- * тиімді кері байланыс бере отырып, оқушының білімге құштарлығының басым болуына қол жеткізу;
- * нақты оқу мақсатына жету

Күтілетін нәтиже:

Білім беру жүйесін жаңғырту мен жетілдіруде нақты іс-қимыл жоспарының көмегімен – қоғамға бейімделген жан жақты тұлға қалыптастыру

V. Бағдарламаны іске асыру тетіктері

2018-2019 оқу жылы

Білім беру үдерісінде жаңартылған білім беру негізінде сабақ беру

2019-2020 оқу жылы

Жаңартылған білім беру негізінде мұғалімдердің шеберліктерін шыңдау. ішкі, сыртқы қоғамдастық жұмысын жандандыру

2020-2021 оқу жылы, өзара тәжірибе алмасу, қоғамдастық жұмысын дамыту

2021-2022 оқу жылы

Педагогтардың озық тәжірибесін жинақтау, тарату

2022-2023 оқу жылы

Оқу үрдісін сапалы басқару - оқу үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші

Тексеру бойынша қорытынды:

Бірлестіктің жоспары мектептің негізгі тақырыбына сай жасалған. Әдістемелік отырыс хаттамалары қоғамдық - пәндер бірлестігінде толық емес. Жаңартылған білім беру бойынша курстан өту индикативтік жоспары жасалу керек. Әр өткен онкүндік семинармен қорытындыланып, переплет жинағы жасаулы тиіс. Пән бірлестіктерінде пән мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында конкурстарға қатысу мониторингі тоқсан сайын шығарылу керек. Пән бойынша білім сапасының қорытындысы, мемлекеттік стандарттың орныдалуы, қортынды аттестаттауға дайындық, Әдістемелік пән бірлестіктері жұмысы жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. Тексеру қорытындысы бойынша "қанағаттанарлық" деңгейде деп бағалансын.

Ұсыныс:

- 2020-2021 оқу жылында пән бірлестіктерінде мектептің ізденіс тақырыбы бойынша жүргізілген жұмыстары бойынша әр мұғалім үш жылға сараптама, мониторинг жасауын қадағалау керек;
- курстан өту индикативтік жоспарын жасау;
- әр отырыстың хаттамасында алдыңғы қаулының орындалуын міндетті түрде жазу, хаттама бойынша қаралған мәселе құжаттары толық болуын қадағалау;
- онкүндіктерді жоспарға сай уақытынды өткізіп, қорытынды жасау;
- бірлестік мұғалімдерінің конкурстарға қатысуы мониторингісін жасау;
- қабілетті оқушымен жұмыс нәтижесі, мониторингісін жүргізу керек;
- жоспар бойынша әр отырыстың хаттамасы уақытында жазылу керек.

2. А.Бимурзаева - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

- Электрондық сынып журналындағы қорытынды бағалардың дұрыс қойылуы қадағаланды. Журналдың жүргізілуі. Үй тапсырмасының уақытында толтырылуы төмен деңгейде Зарецкая Е. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау үшін ҚБ қойылған, БЖБ барлық пәннен уақытында қойылмаған.

3. СӨЙЛЕДІ:

Р.Т. Куатбекова - мектеп директоры:

- Электрондық журналдың жүргізіуі бойынша әдістемелік көмек оқу ісі тарапынан үнемі беріледі. Мониторинг күнделікті жүргізіледі. Алайда жауапкершілік кейбір мұғалімдерде төмен. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 ж 21 қаңтардағы №52 бұйрығын қатаң сақтай отырып, жүзеге асыру барлықтарыңызға міндеттеледі.

- Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша бірлестіктердің жұмысын "қанағаттанарлық" деп бағалаймын. Бірлестік жетекшілеріне қосымша ақы төленбейді дегенмен жұмыстарын жауапты атқарады. Отырыстар, өзара тәжірибе алмасулар пандемияға дейін үнемі жүргізілетін. Қазіргі таңда онлайн, зуммен өткіземіз.

Қаулы:

1. Мектептегі пән бірлестіктерінің жұмыс барысын тексеру қорытындысы "қанағаттанарлық" деп танылсын.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 ж 21 қаңтардағы №52 бұйрығы қатаң сақталсын
3. Күнделік тоалтыруда аты аталған мұғалімдер жауапкершілігі күшейтілсін.
4. Оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау "қанағаттанарлық" деп танылсын.

Төраға _____ Р.Т. Куатбекова
Хатшы _____ М.Әленова

